## "Жер учаскелері үшін жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы" 2004 жылғы 4 маусымдағы № 6/10-III шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы N 9/67-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 қаңтарда N 2827 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы N 28/213-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 23.12.2014 N 28/213-V шешімімен (қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 379-бабы, 387-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 11-бабы 1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Катонқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Катонқарағай аудандық мәслихатының "Жер учаскелері үшін жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы" 2004 жылғы 4 маусымдағы № 6/10-III шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1823 нөмірмен тіркелген, 2004 жылғы 18 маусымдағы № 28 (7043) "Арай" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы шешімнің тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері туралы";

аталған шешімнің 3-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы Е. Кешілбаев*

*Аудандық*

*мәслихаттың хатшысы Д. Бралинов*

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 9/67-V шешіміне қосымша

# Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

| Аймақтың нөмірі | Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері | Аймаққа кіретін ауылдық елді мекендердің атауы |
|---|---|---|
| I | 1,5 | Үлкен Нарын ауылы Новохайрузовка ауылы Новоберезовка ауылы Солоновка ауылы |
| II | 1,5 | Солдатово ауылы Катонқарағай ауылы Приморское ауылы Юбилейное ауылы |
| III | 1,5 | Жұлдыз ауылы Малонарымка ауылы Белқарағай ауылы |
| IV | 1,5 | Көктерек ауылы Свинчатка ауылы Балғын ауылы Майемер ауылы Алыбай ауылы Новополяковка ауылы |
| V | 1,5 | Құндызды ауылы Үштөбе ауылы Яры ауылы |
| VI | 1,5 | Бесүй ауылы Өрнек ауылы Топқайың ауылы Согорное ауылы |
| | | Сенное ауылы Огнево ауылы |

| | | |
|---|---|---|
| V I I | 1 , 5 | Қабырға ауылы<br>Аққайнар ауылы<br>Өрел ауылы |
| V I I I | 1 , 5 | Жаңаүлгі ауылы<br>Ульяновка ауылы<br>Шыңғыстай ауылы<br>Жамбыл ауылы<br>Ақсу ауылы<br>Коробиха ауылы |
| I X | 1 , 5 | Мойылды ауылы<br>Қызылжұлдыз ауылы<br>Ақмарал ауылы<br>Қайыңды ауылы<br>Рахман Қайнары ауылы<br>Еңбек ауылы<br>Бекалқа ауылы |
| X | 1 , 5 | Талды ауылы<br>Ақшарбақ ауылы<br>Жазаба ауылы<br>Барлық ауылы<br>Үшбұлақ ауылы |
| X I | 1 , 5 | Маралды ауылы<br>Шұбарағаш ауылы<br>Берел ауылы<br>Аршаты ауылы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК